# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**
2022.07.18 17:20

**Регистрационный номер**
18663

**Дата обновления паспорта ОП**:
2022.07.18 17:20

**Код и наименование специальности**:
07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру

**Код и наименование квалификации/квалификаций**:
3W07161603 Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі

**Регион**:
Қызылорда облысы

**Организация ТиППО (Разработчик)**:
" Сырдария аграрлы-техникалық колледжі" КМҚК

**Партнеры-разработчики**:
« Шаған Жер» ЖШС

**Цель ОП**:
Ауылшаруашылық техникаларын қолдануды, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді меңгерген, жер алқаптарын өз бетінше өңдеуге кәсіби машықтанған мамандар даярлау.

**Уровень по НРК**:
3

**Уровень по ОРК**:
3

**Профессиональный стандарт (при наличии)**:
" Бау-бақша қызметі" кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 11.12.2018 ж. №339 бұйрығының №15 қосымшасы; "Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру" кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 26.12.2019 ж. №263 бұйрығының №22 қосымшасы

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии)**:
жоқ

**Форма обучения**:
Күндізгі

**База образования**:
Негізгі орта білім

**Язык обучения**:

Мемлекеттік

**Общий объем кредитов**:
120

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**
02.04.2022 ж

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
KZ63LAA00001977

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
№14004595

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**
28.12.2020 ж

**Отличительные особенности ОП**:
–

**Сведения о содержании модулей/дисциплин**:

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | ЖБП 1. Математика | Практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен олардың нақтылығын айқындауда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытады. | 6/144 |
| | ЖБП 2. Информатика | Білім алушылардың ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлі жайлы, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективалары туралы түсінігін қалыптастырады. | 3/72 |
| | ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті | Орыс тілінің нормалары мен ережелеріне сәйкес тіл жүйесінің бірліктері, оларды ұштастыру ережелері, қызмет етуі, синтаксистік құрылымдарды | 4/96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | құрастыру дағдылары мен іскерліктері туралы білімді жетілдіру, сондай-ақ теориялық-әдеби ұғымдарды үйретеді. | |
| | ЖБП 4. Қазақ тілі | Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады. Білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым - қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді. | 3/72 |
| | ЖБП 5. Қазақ әдебиеті | Білім алушылардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. | 3/72 |
| | ЖБП 6. Шет тілі | Ағылшын тілінің оқу бағдарламасы студенттерге әртүрлі аудиториялармен тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Ол бұл мақсатқа өз ортасында құрдастарымен, мұғалімдермен және келушілермен өзара әрекеттесу үшін жиі мүмкіндіктер және бейресми және ресми ауызша және жазбаша | 4/96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | презентацияларды қамтитын интерактивті тапсырмалар арқылы қол жеткізеді. | |
| | ЖБП 7. Қазақстан тарихы | Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру. Отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру. | 4/96 |
| | ЖБП 8. Өзін-өзі тану | Білім алушылардың өзін-өзі тануда және өзін-өзі іске асыруда шығармашылық қажеттігін дамытады. Жалпы адамзаттық құндылықтардың негізін түсінуде әлемдік үйлесімділік көрінісін қалыптастыруға әсер етеді. | 2/48 |
| | ЖБП 9. Дене тәрбиесі | Білім алушыларды жеке және жас ерекшеліктерін ескере отыра, өз физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайтуға ынталандырады, бойда қалыптасқан арнайы спорттық дағдылар мен сапаларды қолданып, сол арқылы олардың дене қабілеттерінің дамуларына ықпал етеді. | 7/168 |
| | ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | Білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы | 4/96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқытады. | |
| | ЖБП 11. Физика | Білім алушылардың ғылыми дүиетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастырады. | 6/144 |
| | ЖБП 12. Химия | Білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсынады, білім алушыларға химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмк і нд і к береді. | 6/144 |
| | ЖБП 13. Биология | Тірш іліктің әртүрлі деңгейлерінің дамуын түсінуді қалыптастыратын практикалық және зерттеу іс-әрекеті арқылы білім алушылардың функционалдық дағдыларын дамытады. Табиғаттың дамуы мен жұмыс істеу заңдылықтарын жаңа білім алуға, оларды әрі қарай кеңейту мен тереңдетудің негізі мен құралы ретінде қолдануға мүмкіндік береді. | 3/72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | ЖБП 14. География | Білім алушылардың бойында географиялық кеңістік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді, геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамытады. | 3/72 |
| | БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. | 2/48 |
| | | ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. | 1/24 |
| | БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану. | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану. | 1/24 |
| | БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану. | ОН 3.1.Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. | 1/24 |
| | | ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну. | 1/24 |
| | | ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. | 1/24 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау. | 1/24 |
| | КМ 1. Тракторлардың, автомобильдердің және ауыл шаруашылығы машиналарының негізгі бөліктерін анықтау | ОН 1.1. Тракторлар мен автомобильдердің негізгі бөліктерін анықтау. | 3/72 |
| | | ОН 1.2. Ауыл шаруашылығы машиналарының  жіктеу | 2/48 |
| | | ОН 1.3. Тракторлар мен автомобильдердің жүйелерімен және механизмдерімен жұмыс істеу. | 4/96 |
| | | ОН 1.4. Жол қозғалысы ережелерін сақтау. | 3/72 |
| | КМ 2. Тракторлардың, автомобильдердің және ауыл шаруашылығы машиналарының механизмдер жүйелерінің ақаулары мен жөндеу жұмыстарын орындау | ОН 2.1. Тракторлар мен автомобильдердің, ауылшаруашылық машиналарының механизм жүйелерінің ақауларын анықтау. | 2/48 |
| | | ОН 2.2. Тракторлардың іштен жану қозғалтқышын жөндеуді орындау. | 5/120 |
| | | ОН 2.3. Тракторлар мен автомобильдердің жүріс бөлігіне жөндеу жүргізу. | 2/48 |
| | | ОН 2.4. Тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарының трансмиссиясына жөндеу жүргізу. | 2/48 |
| | КМ 3. Ауылшаруашылық жұмыстарды орындау | ОН 3.1. Топырақты механикалық және химиялық өңдеуді орындау. | 2/48 |
| | | ОН 3.2. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егу мен отырғызуды жүргізу. | 2/48 |
| | | ОН 3.3. Агротехника талаптары мен ережелерін сақтай отырып, дәнді, дәнді-бұршақты және | 5/120 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | майлы дақылдарды жинауды жүзеге асыру. | |
| | | ОН 3.4. Агротехниканың талаптары мен ережелерін сақтай отырып, техниканы және жерді дайындау. | 2/48 |
| | КМ 4. Мал шаруашылығы кешендері мен фермалардағы механикаландырылған жұмыстарды орындау | ОН 4.1. Жем дайындау. | 2/48 |
| | | ОН 4.2. Мал шаруашылығы қора-жайларында азықтарды түсіру және тарату жөніндегі механикаландырылған жұмыстарды орындау. | 3/72 |
| | | ОН 4.3. Мал шаруашылығы кешендері мен фермаларын сумен жабдықтауды ұйымдастыру. | 2/48 |
| | | ОН 4.4. Мал шаруашылығы қора-жайларында қи мен жем шөп қалдықтарын жинауды жүзеге асыру. | 2/48 |
| | КМ 5. Тракторларды, комбайндарды және ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану және сақтау кезінде техникалық қызмет көрсету | ОН 5.1. Тракторларға, комбайндарға және ауыл шаруашылығы машиналарына техникалық қызмет көрсетудің барлық түрлерін орындау. | 2/48 |
| | | ОН 5.2. Тракторларды, комбайндарды және ауыл шаруашылығы машиналарын сақтауға қоюды жүзеге асыру. | 2/48 |
| | Аралық, қорытынды аттестаттау | - | 6/144 |